Приложение 50
к приказу Министра финансов
Республики Казахстан
от 20 декабря 2012 года № 562

Форма Р-1

ИИН/БИН

Заказчик: РГП на ПХВ "Кызылординский государственный университет имени Коркыт-Ата" Министерства образования и науки Республики Казахстан",Кызылординская область, г. Кызылорда , Айтеке би, 29 А — 960540000620

полное наименование, адрес, данные о средствах связи

Исполнитель: Товарищество с ограниченной ответственностью "AZB Media",050013, Республика Казахстан, Алматинская обл., г. Алматы, ул. Площадь Республики, д. 13 — 170940017674

полное наименование, адрес, данные о средствах связи

Договор (контракт): Договор №99/960540000620/190101/00 от 14.03.2019

Номер документа	Дата составления
23	22.05.2019

АКТ ВЫПОЛНЕННЫХ РАБОТ (ОКАЗАННЫХ УСЛУГ)

Номер по порядку	Наименование работ (услуг) (в разрезе их подвидов в соответствии с технической спецификацией, заданием, графиком выполнения работ (услуг) при их наличии)	Дата выполнения работ (оказания услуг)	Сведения об отчете о научных исследованиях, маркетинговых, консультационных и прочих услугах (дата, номер, количество страниц) (при их наличии)	Единица измерения	Выполнено работ (оказано услуг)			
					количество	цена за единицу	стоимость	в том числе НДС, в KZT
1	2	3	4	5	6	7	8	9
1	Услуги по размещению статьи в газете "Сыр Бойы"			Одна услуга	1	109 200,00	109 200,00	11 700,00
				Итого	1	x	109 200,00	11 700,00

Сведения об использовании запасов, полученных от заказчика _____

наименование, количество, стоимость

Приложение: Перечень документации, в том числе отчет(ы) о маркетинговых, научных исследованиях, консультационных и прочих услугах (обязательны при его (их) наличии) на _____ страницах _____

Сдал (Исполнитель): СЕО (директор) / Зенкова Е.А.
должность *подпись* *расшифровка подписи*

М.П.

Принял (Заказчик): И.о. ректора / Б.Ж. Абдикаримов
должность *подпись* *расшифровка подписи*

Дата подписания (принятия) работ (услуг): 22.05.2019

М.П.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ

МИНИСТЕРСТВО
ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

КЫЗЫЛОРДИНСКИЙ
ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ КОРКЫТ АТА

120014, Қызылорда қаласы, Әйтеке би көшесі, 29 «А»
Тел.: (8-7242) 26-17-95, 26-17-16
Факс: (8-7242) 26-27-14, 26-17-16
E-mail: ksu@korkyt.kz (ISO 9001:2008)

120014, г. Кызылорда, ул. Айтеке би, 29 «А»
Тел.: (8-7242) 26-17-95, 26-17-16
Факс: (8-7242) 26-27-14, 26-17-16
E-mail: ksu@korkyt.kz (ISO 9001:2008)

№

Облыстық «Сыр бойы»
газетінің бас редакторы
Қ.Шарибидинов

Университет ректораты Сізден «Сыр бойы» газетінің кезекті санына Қорқыт Ата атындағы ҚМУ 1951-1993 жылдары оқытушылық қызмет атқарған, физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Сахабиден Елубайұлының туғанына 95 жыл толуына орай Қорқыт Ата атындағы ҚМУ доценті, физика-математика ғылымдарының кандидаты Төребай Ділманның естелік әңгімесін жариялауыңызды сұрайды. Мәтіні қосымша беріліп отыр.

Ректордың міндетін атқарушы Б.Ж.Абдикаримов

Орындаушы: Байжігітова.А.
Тел: 8776 897 70 70

ДП «Эдельвейс»
СТ РК - 989-2014

004895

27 сәуір 2019 г.
Газета Сыр бойы, рубрика: «Статья»

Ұлағатты ұстаз

Н.Гоголь атындағы Қызылорда педагогикалық институтының (қазіргі Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің) физика-математика факультетінде 1951-1993 жылдары оқытушылық қызмет атқарған физика-математика ғылымдарының докторы, профессор Сахабиден Елубайұлы Елубаевтың туғанына 95 жыл толды. Осы жылдары Сахабиден Елубайұлынан жүздеген шәкірт білім мен тәлім-тәрбие алды.

Ұстазымыз Сахабиден Елубайұлының өзі жазған өмірбаянына қарасақ, ол қазіргі Павлодар облысы, Ақтоғай ауданының Ертіс өзенінің сол жағалауындағы Қожамжар ауылында 1924 жылы 10 сәуір күні туыпты. Жер өлшеуші болып жұмыс істеген әкесі тағдыр айдап отбасымен бірге 1929-1935 жылдары Қазақстанға көршілес Новосибирск облысының Купинский ауданындағы Медяково селосында тұрады. Сол жерде ол 1933 жылы 9 жасында алғаш рет орыс мектебіне оқуға барыпты. Отбасы 1935 жылы Ертістің сол жағалауындағы Қашыр ауданының «Октябрь» ауылына көшіп келген. Осында 9 сыныпты бітірген Сахабиден Елубайұлы 1942 жылдың қыркүйек айында Қызыл әскер қатарына шақырылған. Тамбов жаяу әскер училищесін бітірген ол 1943 жылы 23 ақпан күні 108-дивизияның 539-полкының 1-ротасында минометші болып соғысқа қатысады. Бірақ сол жылдың маусым айында қан майданда ауыр жарақат алуына байланысты әскерден босатылады. Сұрапыл соғыстан аман келген Сахабиден Елубайұлы қайтадан мектеп партасына отырып, 1944 жылы «Октябрь» орта мектебін бітіреді. Ал 1944-1945 оқу жылында мұғалімдердің жетіспеушілігіне байланысты «Қызыл таң» 7-жылдық мектебінде математика мұғалімі болып жұмыс істейді. Бұдан соң, 1945 жылы С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің физика-математика факультетіне оқуға түседі. Отбасы жағдайына байланысты өз оқуында үзіліс жасап, 1947-1948 оқу жылында Павлодар облысы Горький аудандық оқу бөлімінде инспектор болып қызмет істеген. Әрі қарай оқуын жалғастырып, 1951 жылы 27 жасында ҚазМУ-ды бітіріп, жоғары білім алады. Сол жылы ҚазССР Оқу министрлігінің арнайы жолдамасымен Қызылорда педагогика институтына келген ұстазымыз өмірінің соңына дейін осында ұзақ уақыт оқытушы, аға оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, институт проректоры, факультет партия ұйымының хатшысы болып жемісті қызмет атқарды.

С.Елубаев Новосибирск мемлекеттік университеті мен КСРО ҒА Сібір бөлімшесі Есептеу орталығында КСРО ҒА академигі Михаил Лаврентьевтің ғылыми жетекшілігімен математиканың дербес туындылы дифференциалдық теңдеулер үшін қойылған кері есептері саласында ғылыми жұмыспен айналысып, үздіксіз ізденіс үстінде болды. Ол 1962 жылы кандидаттық, 1982 жылы докторлық диссертацияларын сәтті қорғап, 1966 жылы доцент, ал 1985 жылы профессор ғылыми атақтарын алды. Сахабиден Елубайұлының көптеген ғылыми еңбектері өскелең ұрпақтың мұрасы болып қалды. Мысалы, ғалымның мына еңбектерін атап өтуге болады: «Об одной краевой задаче для уравнения гиперболического типа третьего порядка» (Сибирский математический журнал, 1961), «Об одной обратной задаче для телеграфного уравнения» (Доклады АН СССР, 1969), «Теорема единственности одной обратной задачи для уравнения теплопроводности» (Известия АН КазССР, 1978), «Некоторые обратные задачи математической физики» (Специальный курс, Новосибирск, 1985) және тағы басқалары. Оның соавторлықпен жазған «Гиперболалық және параболалық теңдеулер үшін кейбір кері есептер» атты монографияның 3-басылымы 2017 жылы Алматы қаласындағы «Эверо» баспасынан шықты.

Ұстаздың 80 жылдығына орай С.Елубаевтың тұрған үйіне ректор академик Қ.Бисенов ескерткіш тақта орнатты. Университеттің №6 оқу ғимаратында профессор С.Елубаев атындағы №110 аудитория ашылды. Павлодар облысы Ақтоғай ауданының орталығы – Ақтоғай кентіндегі және туған жері – Қожамжар ауылындағы көшелерге 2010 жылы профессор Сахабиден Елубаевтың есімі берілді.

Ғалымның ұзақ жылдардағы еңбегі ескеріліп, Қызылорда қаласының бір көшесіне Сахабиден Елубаевтың есімі берілсе екен деген ұсынысымыз бар. Ұстаздың шәкірттері де бұл ойымызды қолдайды деген сенімдемін.

Төребай ДІЛМАН,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің доценті, физика-математика ғылымдарының кандидаты.